

**Аяп Нұрқанов**

9(584.6)-21

Н 80

# **ДАЛА ҚЫРАНЫ**

**ДЕРЕКТІ ПОВЕСТЬ**



**«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ  
Алматы — 1980**

ББК 63.3(2Каз)

Н 86

894-342-3

Нұрқанов Аяп.


Н 86 Дала қыраны: Деректі повесть.— Алматы: Жалын, 1980.— 144 бет.

Қазақ халқының ардагер ұлы Аманкелді Имановтың өмірі мен күресі жайлы құнды деректер жинап, оны алғаш жариялағандардың бірі — Аяп Нұрқановтың бұл еңбегі батырдың жастық шағынан бастап көтеріліс көсемі кезеңін баяндауға арналған.

ББК 63.3(2Каз)

Н 70803—171  
408(05) 80 370—79—480300000

© «Жалын» баспасы 1980 ОС. ВИЕ 111 ГРКА



...Қаналушы тапты тек күрес  
қана тәрбиелейді..

В. И. Ленин

## *I таралу* **ЗАМАНА ТАҒДЫРЫ**

### **БАЛАЛЫҚ, ЖАСТЫҚ ШАҚ**

Кесек жатқан Торғай өңірінде елдің қысқы қонысы, иірім-иірім шабындығы мен егістік жері Торғай, Жыланшық өзендері бойында болатын.

Жыланшық өзені Торғай өңірінде солтустік-шығыс жағында. Ол Торғай өзенінен қысқа, әрі жағалауының құнары тәмен. Сол Жыланшықтың бір бүйірінде айналасы тақыр, алабы шағын Терісбұтак, Дұлығалы дейтін екі өзенше бар. Құшті не істемеді, аталы тілеулі — Ожан тұқымы, қаз қыпшақ — Түркебай тұқымы Шынболат, бегімбет кедейлерін, оның ішінде Иман батыр әuletін бұрынғы ата қонысы Торғай, Жыланшық бойынан ығыстырып, «Күйеусай» атанған жоғары екі өзенше алабына қоныстануға мәжбур еткен.

Бегімбет пен шынболаттың ақылдасар адамы Иманұлы Балық еді. Ол әлдіге бас иіп қорғалауды, жалынyp, жалбарынуды өзіне мін санайтын, сондықтан ол жерімнен, сұымнан айрылдым деп мойымады, «Күйеусайды» қоныс етті. Ауылдың үлкен-кішісі түгел еңбекке жұмылды. Егін салды, балық аулады. Эйтеуір, байға қоңсы болмады, «жатақ» атанып бөлек отырды.

Осы қоныста 1873 жылы ескіше апрельдің 3 күні Аманкелді Удербай ұлы дүниеге келді. Удербай Иманұлы кедей шаруа, қыпшақ ішінде бегімбет руынан; ал шешесі Қалампыр орта шаруаның қызы, қара сұрлау келген, зор денелі, ер мінезді, зерек адам болыпты. «Амакелдінің беттілігі, қайтпас қайсаңдығы анасы Қалампырға үқсайтын еді», — деп еске алады Аманкелдінің серігі Әлжан қарт.

Бала-шаганың қамы үшін Удербайдың жарғақ құлағы жастыққа тимей қысқы аяз, үскірік боранда мұз

ойып, балық аулады, жазда кетпен шауып, егін салды, оны шелектеп суарды, кейде жаяу шығып, аң да аулап жүрді. Осындай ауыр азантан Үдербай ауруға шалдықты, төсек тартып жатып қалатын болды.

Үдербай ауыр науқастан 1879 жылы, 51 жасында қайтыс болып, Қалампыр шиеттей үш баламен — Бектепберген (Бекет), Аманкелді (Амантай) жесір қалды. «Басқа тұскен баспақшыл» дегендей, ол белін бекем буып, балаларының тамағын тоқ, киімін бүтін ұстап, әкесінің жоқтығын білдірмеуге тырысты. Мұнысына қарай балалары да есті, тіл алғыш болып өсіп келе жатқан еді.

Аманкелді бала күнінен өжет болып өсті. Балаларды екіге бөліп күрестіру, жарыстыру, «ак сүйек» сияқты жүгіріп, тартысып ойнайтын қызу ойындарды қатты ұнататын. Есейе келе жекпе-жек наизаласу, садақ ату сияқты жаңа ойындарға да бой ұра бастаған. Жасынан тай, құнанға мінуге құмар пысық Аманкелдіні бәйге атына қалап мінгізетін болған. Ол мінген жүйрік озып келмей, тым болмаса мүшеге ілікпей қалған емес.

Күзеуде ауыл-ауыл іргелес қонысталп, балалар да бір-бірімен араласып қалатын. Бегімбет, шынболат балаларын Аманкелді, Бекет бастап көбінесе асық ойнайды. Екеуі де көздегіш, бай балаларының асығын лезде сыпрып алады. Бұған бай балалары намыстанып жанжал шығаратын да, Аманкелді мен Бекеттен таяқ жеп қайтатын.

— Бейбастақтарынды тиып ұстандар, балаларға күн көрсетуді қойды,— дейтін таяққа жығылған бай балаларының ата-анасы Балық пен Қалампырға.

— Сендерге не жетпейді? Ұрыспай-тәбелеспей ойнасандар болмай ма!— деген анасына Аманкелді:

— Өздері тілін тартсын. Ауып келгендігіме, кедейлігіме, жетімдігіме тіл тигізуді қойсын. Эйтпесе бұл аз, әлі олардың тілін суырып аламын,— дейді екен.

Атасы — Балық пен шешесі — Қалампыр Аманкелдіні бетін қайтарып ренжітпей, жасытпай, оған байыпты ақыл-кеңес беріп, өжет те өткір етіп өсіргілері келеді.

«Аманкелді алмастай өткір, болаттай берік еді,— деп жазады естелігінде Әліби Жанкелдин,— табандылық, ерлік қасиеті жас кезінің өзінде-ақ күшті болатын. Ол 10—11 жасар бала кезінің өзінде кейде үлкендердің ко-

лынан келмейтін жұмыстармен айналысатын және тыңғылышты аяқтап шығатын. Балалар оны өздерінің көсемі деп танитын»<sup>1</sup>.

\* \* \*

Аз ғана шынболат, бегімбет үрпағының қамын ойлайтын адамы Балық пен Үзен болатын. Бір күні екеудің ағайын-туғандарды жинап:

— Заман өзгеріп барады. Болашақ оқығандікі білімсіздің күні қараң. Балалардың обалына қалып жүрмелік,— деп ауыл ортасынан Өтегенов Ахмет дегенді молдаликта ұстаған.

Қалампыр жүртпен бірге екі баласын бірдей ауылдағы молдаға оқуға береді. Мұнысына қарай балалары да жақсы оқыды.

Бекет пен Аманкелді екі қыс, бір жаз оқып, ескіше әжептәуір сауаттанып қалып еді, бірақ оқудан қол үзуіне тұра келді. Бекет жас кезінен епті, колы іске жатық болатын, әсіресе зергерлік іске бейім еді, ол үй шаруасында жүріп жаттығып, зергерлікпен шұғылданды.

Аманкелді тағы бір жыл оқыды. Одан әрі Ахмет молданың үйретері түгесіліп қалды. Аманкелдінің тағы да оқығысы келеді. Бірақ жақын жерде мектеп болмады да, үзап шығуды тұрмыс көтермеді. Сөйтіп ол бір жылдай үйде жүріп шешесіне көмектесті.

Аманкелді оқудан күдерін үзген жоқ. Сөйтіп жүрген күннің бірінде үйіне нағашысы Тасыбай келген. Нағашысына оқығысы келетінін айтады. Баланың талабын атасы да, анасы да, нағашысы да макұлдайды. Сөйтіп ол алғаш рет нағашысы алтыбас еліне жол жүрмек болып жиналды.

Шілде айы болатын. Тасыбай ауылдан шыға сүйт жүріп кетті. Аманкелді артына мінгескен. Қоналқы жерге жолаушылар шаршап-шалдығып жеткен еді. Ұзакты күнге аяғы салбырап, қоң еті қажалып Аманкелді мұлдем қалжырап қалыпты. Үйге кірісімен ол етпетінен жата кетті. Келбетті келген ақ құба әйел үй иесін жоқтатпауға тырысып жүр. Ауылдың бір-екі үлкен адамы келіп Тасыбаймен әңгімеге кірісті.

Таңертең жақсы ықылас, мол тағам үстінде Тасыбай үйдің ересек боласы Қылышбек пен келбетті әйелге

<sup>1</sup> «Социалистік Қазақстан», 18 июнь, 1944 жыл.

Аманкелдіні таныстырыды Эйел Қалампирдың туған апасы Мақпал екен. Түнде білмеді ме әлде үйқысын аша алмай жүрген баланы мазаламайын деді ме әйтеуір жаңа ғана білгендей айналып-толғанып жатыр.

Тасыбай мен Мақпал тағам үстінде Балықты көп әңгімелегендерімен Үдербайды айта қоймады. Бұл на-мысшыл Аманкелдіге онша ұнамаған, бірақ ол үндеген жоқ. Конактар тамақтанып, қымыз ішіп сыртқа шыққанда Аманкелдіге деп торы төбел тайды ерттетіп қойыпты. Тасыбайды аттандырып жатып:

— Қатынаушыдан тайды беріп жібересін,— деп қалды Мақпал. Анасының тапсырмасын жақтырмағандай Қылышбек теріс бұрылып кеткен еді.

Ауылдан шыға Тасыбай сұyt жүрді, жолда ат шалдырыды, ымырт үйіріле аулына да таянған. Екі атты кісінің қоналқыға келіп түсіп жатқанын көрген ауыл адамдары жиналып қалды. Тайдан түсіп жатқан кесек денелі баланы көрген Тасыбайдың әйелі:

— Әже-ау, әже! Сүйінші! Жиен, молда қыздың баласы келді,— деп жатыр. Жиен деген соң нағашы әжесі үйде отыра алмай таяғына сүйеніп сыртқа шықты.

— Жиен бала қайда? Бері кел, неге тұрсың қозғалмай, мұндар,— деп құшағына алатындаі екі қолын жайды. Тез келе қоймағанына сөл ренжігендей:

— Әлде әкеңе тартқан жасықпысың,— деп қалды қарт әже.

Бұл сөзді ұната қоймаған Аманкелді шақырып тұрған нағашы әжесіне қарай аяғын самарқау басып жақындағы. Бірақ «қарағым», «құлыншағым», «Қалампирға тартыпты өзі»,— деп жұмсақ иегімен бетін аймалай сүйген соң Аманкелдінің әжесіне іші жылып қоя берді.

Нағашылары ағайынды екі жігіт: Тасыбай мен Тәшмағамбет — екеуі де ауқатты адамдар екен. Нағашыларының үйір-үйір жылқысын, желіде қатар-қатар байлаулы құлынды, қотандағы қосақтаулы қойды, түсте шұбырып келіп сауылып жатқан табын-табын сиыр мен кешке ауылға айдал келіп түнеткен түйені Аманкелді күнде көреді. Үй салтанаттары да жұпны болмағанымен бөліп берері жоқ сияқты. «Бір құнанды, не бір тайды жиен өзі ие болып мінсін», немесе «мына құлынды жиенге атағанымыз, ат болғанда тақымына басып мінетін болсын»,— деп нағашыларының бірде-бірі әлі айтқан жоқ.

Аманкелдінің аңсап келгені оку еді. Бір-екі жеті

жатып тыныққан соң Бердіке мешіті жаңындағы медресеге барып оқуға түсті. Обалы нешік, нағашылары Аманкелдінің медреседе оқуына көмектесті, сонда ол екі жылға жуық жатып оқыды. Оқуға зерек, үйренуге құмар, зейінді Аманкелді айналасы төрт-бес жылда едәуір сауаттанды. Оның алғырлығына, мұқтасарға түсіп оқығанына Тасыбай мен Тәшмағамбет те, қарт әжесі де риза. Діни оқуды дәріптеп, алғырлығын мактан етеді. Үлкен ғұлама молда боласың, мал табысың деп Аманкелдіні көтермелеп те қояды. Зейінді Аманкелді бес жылда түркі кітаптарын емін-еркін оқи алатын болған.

\* \* \*

Бегімбет ішіндегі ауқатты шаруаның бірі Коржын қарт болатын. Өзі атадан аз момын шаруа, жасы ұлғайғанда көрген жалғыз баласы Баспақбай әлі жас. Аманкелді осы Коржын қартқа бірер жыл қол бала болып жүрді. Оған Аманкелді мінезімен де, қызметімен де жағып, араласып кеткен. Бірақ ағайынға еткен еңбек көбінесе «ағайындықпен» істелген болып, босқа кетіп жүрді.

1886 жылы Торғай даласындағы құрғакшылықтан егін де, шөп те шықпады, шаруалар енді аз малын жұттан аман алып қалу қамына кірісті. Конысбаев Есжан дейтін ауқатты шаруаның бірі қысқа қарсы екі үш үйдің қой, жылқысын Сыр бойына (қазіргі Қызылорда облысы) тебінге апаруға әзірлік жасады, Коржын қарт осы Есжанға аз қойын, бір үйір жылқысын қосып Аманкелдіні бірге жіберді.

Есжан Сыр бойына мал қыстатуға барған найман-жүртшы байларымен іргелесе отырды. Бұлардың қойжылқылары тебінде аралас жататын. Бір күні Тұрсынбай байдың қойшысымен тебінге таласып, Аманкелді қойшыны сабал жібереді. Қойшының сабалуы намысина тиген бай ашуға булығып, Аманкелдіге қамши сілтеген, ұзын қамши жас өспірімнің бетін, арқасын тілгілеп түседі. Өзінен үлкен кісімен жағаласуды үят көрген Аманкелді тек қорғанумен ғана болған, алайда байқаусызда оның сойылы байдың басын жарып Аманкелдінің «айыбы» үшін Есжан тай төлеп әрең құтылады.

Жалпақ далада қар қалың жауып, сырғыма боран соқты да, онсыз да ерте түскен қысты ұзартып жіберген сол жылы. Оның үстіне жазғытұрымғы жаңбыр жердің бетін көк ала мұз етті. Белді жігіттер қыс бойы омбы қарды аршып, малдарын тебіндепті. Азынаған аяз бер

сұрапыл боран балаң жігіттің десін қайтара алмады, ол сүкіттан қорқып қорғалауды, ұсқыны кетіп тоңу дегенді әсте білмеген. «Өзі тегінде аяздан жаратылған шығар»,— деп жігіттер жас өспірім Аманкелдіні әңгіме ететін.

Сөйтіп, жігіттердің қайрат, жігері арқасында Есжан бастап тебінге апарған екі-үш үйдің малы қыстан аман шықты Жаз шыға олар Терісбұтак, Дулығалыдағы өз еліне көшеді. Аулына келісімен Есжан Балық пен Қалампырға барып сәлемдесіп, Сыр бойында болған жай-жағдайды әңгіме етеді. Әңгімесінің сонында:

— Балаңыз аса уытты екен. Қоңіліне жақпаса бетің бар, жүзің бар демейді. «Айып» тартқаныма ренжімеймін. Зиян тартқан мен болайын, бірақ жүртқа пайдасы тиетін болып өскені жақсы ғой,— деді Есжан.

«Жігіт болған деген осы, қарағым. Үскірік аязда, сұрапыл боранда қайрат көрсетіпсің, ығып жөңкіле шұбырған қойдан айырылмапсың, оның азаматтық. Бірақ... үлкенге қол көтергенің келіспеген екен, қалқам»,— дегілері келгенімен олар баламызды орынсыз мінеп, ренжітіп алармыз деп ойлады. Ата-анасының не айтпақ болғанын сезген Аманкелді: «Оған Тұрсынбай өзі кінәлы емес пе»,— деп қалды. Екі жағы бірдей түсінген ойды одан әрі созбады. Әңгіме үй іші жағдайына, жүдеу тартқан Амантай, Есентай мен екі қарындасына ауысты.

Малын жұттан аман алып қайтқанымен Коржын карт жүдеп отырған Үдербайдың үйіне қараса алмапты. Ұятын, адамгершілік арын сақтаған Балық пен Қалампыр да: «Колында баламыз жүр ғой»,— деп еш нәрсе дәмете қоймаған. Ішінен: «Әттеген-ай» дегені болмаса Аманкелді де еш нәрсе сұрай алмады. Бірақ бұл жағдай Аманкелдіге женіл тимеді. Қол баланың аты қол бала емес пе? Жайшылықта «қарағым», «шырагым», «мына Баспақбай өз інің, азын-аулақ малдың қожасы екеуің»,— дейтін тәтті сөздер әншейін болып шықты.

## ЖАЛШЫЛЫҚ ӨМІР

Бұрынғы тірліктері топты жанның күнкөрісіне жетпеді үй-ішіне тағы да үш бала қосылған. Бекет пен Аманкелдінің: «Байға жалданып мал табалық»,— дегеніне Қалампыр бұрын: «Біреуден сөз естіртіп, сүйегіне таңба түсіріп, өміріне кек қалдырғым келмейді»,— деп

келісім бермеген еді. Енді амалсыздан Аманкелдінің бұл шешімін атасы да, анасы да мақұлдауға мәжбүр болды. Сөйтіп, Аманкелді 1887 жылы, 15 жасында Байсақалов Таутан байға жалданды.

Таутан төрт түлік малға бай бола тұра көнілі тар, қарау, қорыққанына болмаса дұрыс қонақасы бермейтін, адамгершілігі төмен, пасық адам. Үй салтанаты да нашар. Жиған малының рақат, қызығын көруге көзі қимайды, тіпті көзінің ағы мен қарасында жалғыз ұлы мен қызына әперетін қиімге, ойын-тойда мінетін жорғасына дейін бәйбішесі жағаласып отырып әзер көндеретін.

Аманкелді байдың қойына ие болды алғашында. Қой жаюға бергені екі жақтап ұрғанда аяғын бір баспайтын шабан көк өгіз. «Қойшы малдың қадірін білмейді, орынсыз терлетіп қинайды»,— деп қарау бай үйірлі жылқыдан бір тай да қимай қойған. Амал не, ерік байдықі, Аманкелдінің серігі көк өгіз, айран құйған жанторсықты ағаш ерінің артына байлап шығып, ыстық күнде далада қой жайды...

Койшының тірлігі таусылған ба. Ұзакты күн қой жайып келген Аманкелді бір тостаған айран мен таңдайын жібіте сала қой қосақтайды, кешке қозы көген-деседі, үйге су әкеліп, күл шығарады. Кейде қой күзетеді. Бір тыным таппаса да бай мен бәйбішеден Аманкелді жылы сөз естіп көрген емес.

Сөйтіп, жүріп жаз да өтті. Лезде күн сұтып, ызғарын төге бастады. Бай да кедей де қыскы дайындыққа кірісті. Бай, бәйбіше қолға ұстайтын ірі қара малымен қыскы қонысына, күйдірілген кірпіштен салынған үйіне кіріп алды. Үйір-үйір жылқысы мен екі қора қойын күздікке, қыскы тебінге жіберді. Бай Аманкелдіні қыска қарсы екі-үш жігіттің бірі етіп тебіндік аршуға қости.

Сүйретіліп барып қыс та өтті. Күн жылынып, тіршіліктің тынысы кеңейді, мал аяғынан жайылатын болды.

Қыскы аяз, қалың қар кетіп, жарқырап жаз да келді.

Қысы-жазы жұмыста сыналған Аманкелдіні бай жайлауға барған соң жылқы күзетіне шығарды. Ат үсті, жылқы күзетіне шыққанына Аманкелді де риза. Жазғы қыска түнде ол жылқышылармен қайыс шылбыр тартысады, сайысып ойнайды. Бірақ Аманкелді түнде жылқы күзетінде болған адамдай емес, көзінің бір мезгіл шырымын алса жетіп жатыр, бие сауғызып, әзіл-қалжынмен қыз-келіншектерді құлдіріп жүреді.

Өзі әнші, домбырашы, сауықшыл Аманкелді қыз бозба-лаға тез ұнады.

— Көкеме (Таутанға) сездірмейміз, кешке ойынға алтыбақан тебуге, ақ сүйек ойнауға кел,— деп байдын Әлпеш есімді қызы қыла сұрайтын-ды...

— Күзетке ақысыз-пұлсыз қосқан адамдардың жыл-қысын мін, олар малын менімен қоса жинаған жок,— дейтін бай Аманкелдіге. Бірақ ол байдың әмірін макұл-дамай:

— Отағасы-ау. Шаруаның бір-бір шолағын ұялмай қалай мінемін? Өз малыңыздың қүзетіне мінген тай-байталға несіне қынжыласыз,— деп Аманкелді қарау байға қарсы келіп қалып жүрді.

Аманкелдінің бұл мінезі байға ұнамаса керек, пішен кезінде бай үш-төрт жігіттің бірі етіп Аманкелдіні шөп шабуға қосты. Жігіттермен бірге Аманкелді шалғы тартып, шөп үйісті. Жас өспірім болса да ересек жігіттерден қалысады. Жұмыстың қандай ауырлығында жүрсе де қунақ Аманкелді шөпші жігіттерге ел қорғаған батырлар, шешендер мен мергендер туралы қызық-қызық әңгіме айтып беретін. Жайдары, әңгімешіл Аманкелдіні жігіттер аса қадірлеп, жақсы көретін.

Шөп маусымы біткен соң бай енді Аманкелдіні қыс-қа дайындық жұмысына салды. Әйтеүір, тыным көрген жок. Күздік жұмыс біткен соң Аманкелді қысқа қарсы бір жеті үйіне барып келуге байдан рұқсат сұрады. Оған бай:

— Жок, болмайды,— деп қолды бір-ақ сілтеді.

— Өзіме де сол керек, осы байға жалданатын нем бар еді,— деп Аманкелді қатты күйінеді. Бірақ: «басқа бай маған не жақсылық істер еді?» деп өзіне-өзі тоқтау салады.

Сөйтіп, Аманкелді қыс бойы тағы осы байда болды. Қысқы жұмыс белгілі: қар күреп, мал тебіндегі, суат ояды, шөп тасиды, мал қоралайды. Оның үстіне үй жұмысына көмектесуге тиісті. Әйтуір, жұмыстың барлық ауырлығына Амакелді төзіп бақты. Кесімді күні біткен соң Аманкелді байдан рұқсат сұрады. Рақымсыз байдың бермек болғаны бір құнан, көйлек-көншек, бас-ұлтан болатын.

— Еді бір тоқты алып бізді жайлауға көшіріп қон-дыр, үйіне барғанда неменеге қарық бола қоям дейсін, әзір беретін рұқсатым жок,— деп, бай Аманкелдіні ке-лемеж етті.

Байдың бұл қорлығы Аманкелдінің сүйегінен өткен-

дей, бір қызырып, бір қуарды. Ашу қысып, бойын өзөр биледі. Бір тұні байдың бір құнанын үстап мініп, бір бойдағын қотан шетінде бауыздап, етін ер артына бектеріп, Терісбұтак қайдасың деп тартып отырды. Бір-екі жарық жүлдышды белгілеп алған. Желе шоқытып тұнімен жүрді. Сәске көтеріле үйіне де келіп жетті. Үй-іші де мәз-мейрам болып қалды.

— Қарағым, байдың батасын алып рұқсатымен бір жола келдің бе? — деді Қалампыр.

— Жоқ қашып келдім,— деді Аманкелді ызалы дауыспен. Одан әрі сөз болмады. Ендігі әңгіме үй іші, бала-шаға жайына көшті.

Ертеңінде-ақ байдың қуғыншысы келді. Балық пен Қалампыр:

— Баламыз «айыпты» болып байдың аяғына жығылу үшін қайтып бармайды. Жер-жебіріне жете сүйегінен өткізіп қорлағаны былай тұрсын, қисық-құйрықторы құнан екі жылғы еңбегінің толымды ақысы емес. Күн туып «тәңірінің» таңы атар болса мандай тери, табан ақысын толымды етіп алармыз, байыңа айта бар,— деп қуғыншыларды қайырып салды.

Жалшылық Аманкелді өміріне үлкен сабак болды. Бұдан кейін ол байға жалданып табатын тай-танамен тіршілік етуге болмайтынын жақсы аңғарды. Ол өз босағасында үй шаруасымен айналысты. Бір мылтық түсіріп алып, анда-санда аңға шығып жүрді.

\* \* \*

Елдің байлары жайлаудан оралған бетінде Жыланшық бойында Терісбұтак, Дұлығалыға жақын, жатақ кедейлермен іргелес келіп қонатын. Дес бергенде, Таутан бай да жақын қонды. Аманкелді өзін келемеж етпек болған оған іштей қатты өшігіп жүрген. Енді кек қайырудың реті келген сияқты Бір күні Аманкелді бүрме көз Ахмет екеуі өрістен Таутан байдың ақ тұмсық інгеншесін қуып алды. Бай оны киелі санайтын еді. «Ақтұмсықты» алып кетті деген хабар байды қатты ашындырды. Артынша ашулы бай бес-алты қарулы жігіт алып, барған бетте:

— Бейбастағың қайда... Оныңды тый, айыбын тарт, болмаса тұрысатын жерінді айт! — деп күш көрсетті.

Байдың омырау, өктем күшіне төзбекен өр мінезді, өткір Қалампыр сөз кезегін басқаға жеткізбей:

— Сең баймын деп мастанба, «Қына тасқа, мал

ішіп-жемес насқа бітеді» деген. Малыңды бағып, шөбінді шауып, отыңмен кіріп, күліңмен шығып қызмет еткен баламның екі жылғы табан ақы, майдай тері еңбек ақысын бермей қалай құтыласың?— деп жеңінің ішінен ұзын ләкет пышағын суырып алған.— Мына пышағымның қанданатын жолы, мал қайырылмайды! Ақтұмсық інгенше түрмак, зорына тисе Таутан байдың өзі жарылады. Ноқталы басқа бір өлім, ауырлығын сөйтіп көрейін. Дәuletіне мастанған байдың Аманымды қорлағанын кешіре алман,— деп дүрсе қоя берді.

Осы жасқа келгенше байдың бетіне тіке қарап жержебіріне жете тілдеген адам емес.

— Бетсіз, бейбастақ тұл қатын сөзі маған токтау емес! Мықты болсаң айыпты Аманкелдіңі шығарып беріңдер!— деп еліргені де сондықтан еді.

Қақпадан баяу басып Аманкелдіңің өзі шықты. Жапжас, кең жауырынды балаң жігіт, үлкендеу қызыша көзі от шашады, киімі құбақан белін сырттан мықтап буған келте тоны бар, қоңыр бөркін бір шекесіне қисайта киген. Жалғыз емес, өзіндей жас жігіттер оған ілесе қақпаның алдына үн-тұнсіз, түнерісіп келіп тұра қалды

— Ақтұмсық қайда?— деді Таутан бай ақырын. Аманкелді сасқан жоқ, дауыс та көтермеді:

— Ақтұмсығынды еңбек ақымды берсөң ғана қайтaram,— деді салмақты дауыспен.

— Ақы бермеймін саған!

— Онда Ақтұмсығынды соямын...

Бай ақшандап, ызадан өршелене түсті. Сол сәтте Аманкелдіңің арт жағында тұрғандар арасынан досы бүрме көз Ахметтің әкесі Шодыр балуан сөзге араласты.

— Байеке-ау, ашу-дүшпан ақыл-дос, айқай-сүрең ештеңе әпермейді. Жігітіңің ақысын әкеліп бер де, киелі інгенінді ал,— деді.

— Эй, не дейсің? Бәрінді қанжоса етейін...

— Қан-жоса ету дегенің жанжал, төбелес қой,— деді Шодыр балуан күліп. Жанжал, соғыс деген нәрселер бай, кедей, мырза, құл-құтан деп есепке алғы жатпайды, кімнің қан-жоса болатынын білек, күш біледі. Сен келе жатыр дегенді естіп, осындағы жатак кедейлер де қарап отырған жоқпыз....

Шодыр балуан да, жиын топтың да түстері сұық, көздерінде от ойнайды, аянар түрлері жоқ.

Бұлардың күтпеген жерден дүрсе қоя бергенін көрген соң шабуылдан келгендердің беттері қайтайын деді.

Бір дойыл қара қолындағы шоқпарын тақымына қыстырыды да, байды оңаша сөзге бұрды:

— Осылардың айтып түрған еңбекақысын, өзіңіз бермек болған үш киімін менен беріп жіберсеңізші, сонын Ақтұмсықты өзім алғып қайтамын. Түрлері жаман екен, жазым болып жүрерміз, түге.

Айласы таусылған Таутан жиренге қамшы басты да топ жігітін ертіп келген ізімен кері қайтты. Уытты бала жігіт Аманкелдінің Таутан байдан еңбек ақысын күшпен алғаны туралы ұзын құлақ хабар ауылдан-ауылға тарап кетті.

— Тізе қосса, бірлік болса, тегеурінге шыдар бай жоқ екен.

— Бірінің бетін қайырған тегеурін өзгесінің бетін де осылай қайырады әлі...

Бірақ бай мен Аманкелді арасындағы жанжал мұнымен ғана бітпеді. Таутан бай Аманкелдінің сонына шырак алғып түсті. Би-болысқа сый-сияпат көрсетіп, Аманкелдіні «айыпта» билік те айтқызды. Ел ішінде Аманкелдіні «Бала қарақшы» деген лақап та таратып жіберді. Бірақ билік орындалмады, қайта оның іс-әрекеті Аманкелдіге үлкен ой салғандай...

Бай Аманкелдімен белдеспей тынар емес. Қалай сұріндіреді, ол белгісіз, әзіргі жеңіс Аманкелдінікі. Таутан байда тыныштық жоқ, уезд бен Қайдауыл болысы арасын сабылтып жур. «Үдербайдың ұры баласы құнанымды, Ақтұмсық інгенімді үрлады, тыныштық бермей жур», — деп би-болыстан үкім алышты, уезге «дүние» өткізіпті-міс деген ұзын құлақ ел ішінде гу-гу етеді...

Дәулетті бай тынымын ала берген соң бір күні зергерлік істеп жүрген Бекетті шақыртып алғып, бөлесі Қылышбектің аулына көшіп бару жағын ақылдасты. Ағайынды екеуі анасы Қалампырды «өктеп» көндірді. Аманкелді мен Бекеттің үзілді-кесілді шешіміне атасы да қарсылық білдірмей батасын беріп қалды. Қылышбек өрбіген үямыз бір деп келді ғой, ренжітпелік дегендей жақсы ықылас көрсетті. Ораз ақсақал да бөтенсінбей үлкендік ақыл айтып жатыр.

Аманкелді, Бекет мұнда таза кәсіп, аң аулауды макұл көрді. Амантай бөлесінің шаруашылығына көмектеспек. Кыс өтіп, жарқырап жаз да келді. Көршілес ауылда Шалабаев Құсбек байды сағалап келіп отырған жекжаты — Кеделбаев Махамбет, Корқақ, Тұрсын дейтін үш жігіт болатын. Осы үш жігіт Аманкелді, Бекетке қосылып бәрі анды қостап жатып аулайтын болды. Өңкей атқыштар

киікке қырғидай тиң. Жасынан садақ атып, аңға шығып жаттықкан Аманкелді мергендер арсында көзге түсті. Оның мезгегені жаза кетпейді. Бұлар табысын бөлмей, ортақ жинады. Үйдің іші, сырты тиелген терімен киік мүйізі. Бала-шаға құстын, аңың етіне тіптен кенеліп қалды.

Аң терісі киік мүйізі Перовск (Қызылорда) базарында қымбат сатылады-мыс деген хабарда жеткен оларға. Бір жылғы табысын Аманкелді, Махамбет екеуі базарға шығарды. Айтқандай аң терісі, әсіресе киік мүйізі базарда құнды екен, апарғандары қымбат сатылды. Аманкелді мен Махамбет өткізген құнды заттарына ақша, киімкешек, кездеме тағы басқа керек-жарактарын түгел алды.

Базар сапарынан көңілді қайтқан Аманкелді мен Махамбетті екі ауылдың үлкен-кішісі қарсы алды. Аманкелді үй ішін түгел киіндірді.

Жұрт аяғы басылған соң мергендер есеп-қисап айыруға кірісті. Дүние көздің құрты емес пе? Кеделбай балалары көптігін міндет қылғандай артық үлес алмак, Махамбет пықсытып сөз шығарды.

— Аңды көп болып қорқытып ұстағанымыз жок, мергедікпен атып алдық қой. Егер жақын көңілді артық үлес алу үшін тыныдық дүниеге сатпақ болсан кімнің қанша аң атып алғаны бәрімізге белгілі ғой,— деді Аманкелді.

Орынды сөзге Махамбет қарсы дау айта алмады. Табысты тең бөлісіп алды.

Адал еңбек, таза кәсіп арқасында Аманкелді мен Бекет үстеріне үй көтеріп алды. Ел қатарына қосылғандарымен бөтен жерде жүргендері жандарына бататын. Ешкім: «Сен былай тұр»,— демесе де өздері бой бағады, біреуден естен қалмастай ауыр сөз естіп қаламыз ба деп жасқаншақтайтындары да шындық еді. Ойын-тойға да көп бара қоймайды. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде үлтан бол,— деген дұрыс-ау!» деп ойлайтын Аманкелді ішінен...

Тілеуқор атасы Балық Аманкелді есіне түскенде жалғыз інісі Удербайдың үйіне өз ұлы Көшімбектің бір барып қайтпағанына іштей ренжитін де. Бір күні Балық қарт бар қайратын бойына жиып, бар ызғарын үлкен баласы Көшімбекке төгіп:

— Сендер көзімнің ағы болсаңдар, Бекен пен Аманым қарасы емес пе? Ат алдыр, жол жүреміз, Удербайдікіне барамыз,— деп баласына әмір етті. Үй ішінде

Балық сөзін есеппен сөйлейтін, оны балалары да құрметтеп сыйлайтын. Эке көңілін қалай табудың ретін келтіре алмай жүрген Қошімбек те тіл қатпай ат ерттей бастаған-ды...

Удербайдың үйі елге көшіп келгеннен кейін ағайынды уш жігіт үйде үйлішіп отырмады. Аманкелді мен Бекет ауылда, үй шаруасына араласып, Амантай ауылдас Смайылға еріп, басқа кедейлерімен бірге Байқоңыр кенине барып жұмысшы болды. Аманкелді ондағы туыстарына барып жүріп Байқоңыр, Қарсақпай кенін, ондағы орыс, қазақ жұмысшыларының хал-жағдайын көріп білген, өзі де маусымды жұмыс істеген. Жұмысшылардың еңбек ақыларын өнеркәсіп қожаларының мезгілінде бермей, зарықтырып жүргенін естігенде Аманкелдінің көз алдында ауылдағы байлардың әділетсіздігі елестейтін.

### АУЫЛДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС

Бұл Аманкелдінің ел ішіндегі талас тартысқа кеңінен араласа бастаған кезі-тін. Патша чиновниктеріне арқа сүйеген қазақ байлары зорлық-зомбылығын күшайте бастаған.

Еркін өмірге талпынған кедей-шаруаның басын құрап, куреске бастайтында қайратты азаматқа зәру еді ел. Жатақ аталатын көп кедейдің осы мақсаттағы бар үміті Аманкелдіде. «Алыс пен жуықты жортқан біледі, аши мен тұщыны татқан біледі»— дегендей, ел арасында етек алған өрескел зорлық-зомбылықты Аманкелді жақсы біледі. Азулы топпен бел шешіп, айқасқа тусе алатын сәт туса қарапайым кедейдің жоғын жоқтап шығар азаматы, жылағанда жұбатар сүйеніші Аманкелді болатынына дүйім жұрт сенетін сияқты. «Сенеріміз сен, сені біз асқар бел көреміз»,— деп Есен, Әбжан, Ахметтер ашық айтып та жүр. Олардың бұл сенімі Аманкелдіні де әлденеге жігерлендіретіндей.

Терісбұтак, Дұлығалыға жақын Тәрткөл және Сарыбулақ жағалауын соңғы кезде жатақ кедейлер пайдаланып жүретін. Сол өзендердің жағалауының шөбін белгілі Таутан мен Сейтқұл бай шаптырып алыпты. Бұл хабарды естіген кедейлер бірден дүрліккен. Ашуға бұлықтан балуан Шодыр ортаға шығып:

— Уа қайдасындар, жиналындар! Жерімізден айрылдық. Бұл нендей қорлық!— деп айқай салып тұр.

— Ендеңе не тұрыс бар!? Өзі тиіскен екен, сазайла-  
рын беру керек! — деді кесек тұлғалы Жансақал.

Осы кезде Аманкелді де келіп жиынға қосылған еді.  
Оны көрген балуан Шодыр сөзін қайта жалғастырып:

— Мұндай қорлыққа тәзгенше, не өліп, не өлтіріп  
тынайық. Сен бізді баста, Аманкелді! Бұл жолдан аянып  
қаларымыз жоқ. Солай емес пе? — деп көпшілікке сөз  
тастады.

— Иә, солай, солай! Бұл жолдан аянарымыз жоқ! —  
деді бәрі бірін-бірі жапырлай қостап.

Қызыбалық мінез осы ауылдың жігіттерінің көпшілі-  
гіне тән болатын. Бірақ олар үйымшыл, айтқандарына  
берік, қолға алған істе тындырымды аталас жігіттердің  
бұл қасиеті Аманкелдіге үнайтын-ды. Бұл жолы да олар  
сол үйымшылдығын таныта білген. Жұмыр білекті, ба-  
луан жігіттерді ағайынды Аманкелді, Бекет бастап шық-  
ты. Сайланып барған топ жігіт екі байдың пішеншілерін  
Төрткөл, Сарыбұлақ жағалауынан қуып шықты.

— Апыр-ай, тобырды бастап, айбалтасын жарқылда-  
тып жүрген Удербайдың қу тақым, қарақшысы ма? Беті  
жаман екен, тегі қан шығармай кетпес ол! — деп Таутан  
бай бой тасалап жоқ болды.

Ә, дегенше пішеншілердің бірі оралып келіп:

— Бай-еке, Майталман жараганып қалды. Ол жақ  
шекесін айбалта жарагады білем. Аттан қалай ұшып  
түскенін тіпті аңдамай қалдым. Тоқтатыңыз мына пә-  
лені. Тайсалар емес. Өздерінің мылтығы бар екен, — деп  
үрейленген жігіт Таутан байдың алдына келіп құлап  
түсті.

Өзі не істерін білмей, күйініп тұрған бай ерсініп:

— Тұр әрмен, көтер басыңды! Майталманды қолда  
қалдырып не бетіңмен келіп тұрсың! — деп өзінің шөпші  
жігіті Қорқытты жер-жебіріне жете тілдеп жатыр.

Таутан байдың сенері де сол немере інісі Майталман  
еді. Ол ауыл арасындағы құрестерде жауырыны жерге  
тимей, серке тартып көзге түсіп жүретін. Бірақ бұл жолы  
ешқандай қауқар көрсете алмаған. Еңгезердей Майтал-  
манды кездескен бетте Аманкелді аттан ұшырып түсірді.  
Басшысынан айырылған жігіттер үйлішіп, жүрексініп  
қалған. Табан тіреп қарсыласпай кейін шегінді.

Таутан мен Сейтқұлдың қос үй тігіп, төрт-бес қой  
сойып, сабалап қымыз апарып шаптырған шәбін жатақ  
кедейлер түп-түгел жинап алды.

Енді не істеу керек. Байлар осыны көп ойланып, көп  
толғанды. Ақыры, пәле жабудың амалын ойластырыды.

Сол жылы Шалбаев Күсбек дейтін байды біреу тұнде атып кетіпті-міс деген лақап тараған. Енді «Құланның қасынуына, мылтықтың басуы» дөп келгендей. Токпанның байлары Күсбектің өлімін Аманкелдіге жаба салды.

Аманкелдің актығын дәлелдеу қын. Жоқтаушылар күшті. Байдың «құнын» төлеу, болмаса би-болыстың уезге түсірген үкімін қайтарып алдыру жатақ кедейге онай емес.

Албырт жастық па, әлде көзсіз ерлік пе, әйтеуір, Аманкелдіде қорқыныш жоқ. Ойын-күлкісі бұрынғыдай, жайдары. Қайғы жұтып, уайымдаған туыстарына, досжолдастарына Аманкелдің өзі тоқтау айтады. Басым пәлеге байлаулы деп жасымағаны былай тұрсын, тіпті Зылиқа сұлумен көніл қосып та қойған.

Зылиқа begіmbet руынан. Оны елу жастағы Баймамбет би тоқалдыққа алмақшы, қалың малы төленген.

Бірақ екі жастың арманды мақсаты орындалмады. Көп ұзамай-ақ Жыланшық (Қайдауыл) болысына уезд бастығының бүйрығы келіп түсті. Онда «кісі өлтірген» Аманкелді Удербайұлы тез ұсталсын, күзетпен Торғай қаласына жеткізілсін,— депті.

Бұл хабарды естісімен Аманкелді тұн ішінде Зылиқаға барды.

— Тәуекел, ал кеттік. Аспанның асты кен, қайда болса да бір болайық,— деді. Бұл ойын Аманкелді бұрыннан айтып жүретін-ді. Зылиқа әуелі макұл десе де, кейін жүрексінді. Дәл жүрерде уәдесінде тұра алмады. Аманкелдіге енді асығу керек. Ол енді бойын жиғандай. Талдырмаш Зылиқаны құшақтап тұрып, құшырлана сүйді де, қош айтысып жүріп кетті...

\* \* \*

Күні кеше топ кедейді бастап барып баймен айқасқан Аманкелді бүгін бой тасалауға мәжбүр болды. Бекет пен Ахмет ере шығып Аманкелдімен бір тұн бірге болды. Сәске көтеріле бұлар Қарынсалды ойпатына жетіп жайланып отырып дем алды, бауырларын көк орай шалғынға төсеп үйіктап тынықты. Імырт үйіріле Бекет пен Ахмет кері қайтып, Аманкелді жалғыз қалды...

Тұнімен үйіктап оянса күн көтеріліп қалыпты. Қалың көгалға түскен мөлдір шық күнмен шағылысады. Кеше күндіз бұлдырланған жатақтың үш қараша үйі бүгін көзге анық көрініп тұр. Үй төңірегінде төрт-бес мал қа-

рауытады, сауын сиыр болар. Жылқы деген атымен жоңайтынан қара қасқа кедейлердің өзі екен.

Құн көтеріле Аманкелді қараша үйдің біріне келіп ат басын тіреді. Даға шыққан жан жоқ, үй іші тыныштырыс. Атынан ақырын түсіп Аманкелді: «Ассалаумаафия лейкум»,— деп кірді. Үй ішінде жөн сұрай қоятында ешкім көрінбеді. Төрт қанат қараша үйдің он жақ төрі ала бір сырмақта бүк түсіп шал, оның аяқ жағында бүкшиіп кемпір жатыр. Екеуінің жамылғаны жыртылған бөстек. Шал ауыр күрсініп қояды. Аманкелді жақында сөйлесейін деп еді, басын көтеріп отыра алмады. «Науқасыңыз шипалы болсын»,— деп Аманкелді шегініп орнына отырды.

Үй сыртындағы байлаулы атты көріп, екінші қараша үйден ентелей басып бір егде адам келді. Ол Аманкелді мен амандасып жөн сұрасты.

— Мына жатқан карт маған туыс, науқасы ауырлған соң баласын шақыртсақ деп едік, бай ренжіп қала деп өзі шақыртпай қойды,— деді өзін жаңа Терлікба деп таныстырған кісі.

— Ақсақал, ол байыңыз кім?— деп сұрап еді Аманкелді.

— Шырағым, белгілі Қойшыбай байды білмейтін біедін?— деп Аманкелдіге бұрыла қарап қойды.

— Білемін, отағасы, Қойшыбай байды неге білмейтін мін,— дей салды Аманкелді.

— Бәсе, біздің байды жұрттың бәрі біледі, байлығы да жұртқа белгілі ғой,— деп Терлікбай көтеріліп қалды.

Сол күні Аманкелді ешқайда бармады. Қатар екі үйгір кіріп шықты. Кешінде Терлікбай біраз әңгімеден кейін

— Өзің бұл жакта неғып жүрсің, қайда барасың?— деп сұрады.

— Есіл бойындағы нағашыма бара жатырмын,— дей салды Аманкелді.

Бұл жерде аялдал болмас деген шешімге келген Аманкелді Терлікбайдан Есілге баратын жолды анықтауда сұрап алды да таңертең ерте тұрып атқа қонды.

Қарынсалдыдан Талдық өзеніне бет алып шықты. Өзен табанына құлап, ат шалдырды, біраз жатып тынықты. Құн ауа атқа мініп, Талдықтың төменгі ағысын қуалай жүріп отырып Есіл өзеніне келіп тірелген...

Аманкелді алғашқы кездескен ауылдың шеткі бір қараша үйіне барып түсті. Үйде ер адам жоқ, зор денелі қара сұр келген бір әйел отыр, бір бала кіріп-шығып жүр-

Әлгі әйелді көргенде Аманкелді өз шешесін көргендей болды. «Шешей, сусын бар ма?»— деп еді, ол сөзге келмesten үлкен аяқпен күзгі ашыған айран көжені әкеліп үстата берді. Жөн сұрасатын ер адам болмаған соң Аманкелді қисайып жатып үйкітап қалды.

— Конак, тұрыңыз, тамақ әзір,— деп оятқан соң Аманкелді басын көтеріп еді, жанында қара мұртты, ұзын бойлы, ат жақты келген ашаң қара торы жігіт отыр. Осы үйдің баласы Тәшен екен. Тәшен де, оның анасы Нұрсұлу да кішіпейіл жандар көрінеді.

Таңертең Тәшен де, қонақ та ерте тұрды. Бұл үйден шыққалы Аманкелдінің бір жайғасып жатқан тұні болды. Ұйқысы қанып қалыпты. Ас ішіп, дастарқан жиналған соң Тәшен өзін қонағына таныстыра келіп: елі мен жерінің байлығын үзак әңгіме етті.

Осы елде Аманкелді төрт-бес ай жүрді. Бірақ ол бай аулына бармады. Байлар жөн сұрағыш, күмән шақырғыш, «сенімсіз» адамды үкімет орнына білдіруге, үстап беруге әуес келеді. Болыс, байдың арам пейіл ниетін Аманкелді жақсы біледі. Сондықтан ол әр ауылдың қараша үйіне, көбінесе жатақ кедейге үйір болды. «Сен неғып жүрген жансың»,— деп сұктанған ешкім болған жок.

Сөйтіп жүріп бұл елден сеніскең жолдас тапты. Бірінші танысқан Елеусізұлы Тәшен, кейін Мұсаұлы Назықан, Жарқанатұлы Жүсіп сияқты жігіттермен бірге Аманкелді анда-санда аңға шығып жүрді.

Жата-жастана сеніскең жігіттерге Аманкелді елінен қалай шығып, неге келіп жүргенін айтты. Тәшенді жасырын өз еліне жіберіп те алды. Бірақ ол Терісбұтаққа жете алмай, Торғай табанындағы тамыр-танысы арқылы Қайдауыл болысы уезде бастығына «Аманкелді үстаппады, елде жок, қайда кеткені белгісіз, қолға түсіре алмай отырмыз»— деп хабарлағанын біліп қайтты.

Өз елінен хабарсыз жүру Аманкелдіге ауыр тиді. Торғай елімен күнбе-күн араласып жатқан Ырғыз бойындағы Жаппас еліне бармақ. Ол кезде Ырғыз, Торғай елі Орынбор генерал-губернаторына, ал Есіл бойындағы ел Батыс Сібір генерал-губернаторына бөлініп Орынбор-Сібір елі аталатын еді. Өз еліне оралуды Аманкелді Есіл жігіттеріне де айтып ақылдасқан. Бірақ олар өзің біл, жағдайың білсін дегеннен бөтен ешиэрсе айтпады, бой бақты. «Елге жақын барып хабар алсам»,— деуің теріс емес деп қөніл жұбатты.

Кар еріп, су жүріп кетпей тұрғанда Үрғыз елің жетіп қалуды Аманкелді қадірмен жігіттерге қайтала айтты. Бұл шешімін оларға макұлдатып:

— Сіздерге көп рақмет, мен ризамын. Адамгершілі қызметтеріңізді ұмыта алман. Басқа не айтпақпын! — деп өзінің осы жүрісіне қорланғандай ауыр күрсінген еді.

Ел жігіттері: «барап жерің шалғай, сұықта бойында жылытысын», — деп үш жігіт ортасынан үстіне жылы тоң басына тымақ кигізді, жолына қаражат ұсынып, алуы өтінді.

Аманкелді жалғыз жүріп танымайтын елден мұнда құрмет көремін деп ойлаған жоқ еді. Жігіттердің бұл құрметіне не айтуға болады дегендей ол біраз үнсіз түрлі қалған.

— Жүретін болған соң көп бөгеле бермей атқа қозған дұрыс — деп еді Аманкелдің қысылғанын сезгендегі Нағызхан.

Сонымен Аманкелді жігіттермен қош айтысып жоға шықты. Арада екі күн болып, үшінші қонаға Үрғыз бойындағы Жаппас еліне жетті.

Ер жігіт «Үйінен шықса үйіне қосылады» дегендегі бұл елден де Аманкелдіге тілеулес адамдар табылды. Тайшым дейтін жігіттен ел жағдайын, Торғаймен арадағы байланысты сұрастырып білді. Сырт елде жүріп Аманкелді ысылып алған. Тайшым екеуі анда-санда құс атға шығады. Тайшым да мерген екен.

Бұл елде Аманкелді екі айдай болды. Туған жері ағайындарын сағынды, Зылиқа да көз алдынан кетпес қойғаннан соң тәуекелге бел байлап, Торғайға сұыт жүріп кетті.

Бірақ ол өз аулына асып кетпеді. Қаладан анық хабар білгісі келді. Қалаға жақын тұратын Төке деген кітірлі қарт бар екенін Балық атасынан еститін. Үйіріле Аманкелді сол Төке қарттың үйіне келіп түсіп Амандастып, жөнін айтқан соң, Төке қарт:

— Иман батырдың бір пысық немересі бар дейтін еді, сол сенбісің, шырағым? — деп өз қасына таяу отырғызы. Сөйтіп, бабасы Иман батырды, оның ерлігі мен тілшешен алғырлығын үзак әнгіме қылды. «Балық та алғы болатын еді, жасып қалмаса» деп, біраз отырды. Эң мешіл қартқа Аманкелді дән риза, ол осы үйде бірнеше күн болып тынықты.

Төкенің Хакімбек дейтін баласы болатын. Орта болы, өткір көзді, жебелі қара мұрты бар, ақ құба жібекен. Аманкаелдімен замандас, екеуі анға шығып, үйр

пен қазды атып та қайтты. Аманкелдінің мергендігіне Хакімбек танданып, әкесіне айтқанда Төке қарт:

— Бабасы Иман батырдың оғы жерге түспеген еді. Көргенін жібермесе бабасына тартқаны да, Иман батыр қызыл тіл біткеннің шешені, тапқыр еді. Мергендігіңе бабаңың сол қасиеттерін қоссан жарадың, балам! — дейді.

Бір күн Аманкелдінің лепірген көңілі су сепкендей басылды. Қолайсыз хабардың шетін Хакімбек аңғартқан-ды. Ол жайындағы өсек-аяң әлі басылмапты.

Артынып-тартынып қалаға Таутан бай мен Майталман да жетіпті. Болыс, би арқылы өткізілген мол сыйлықты алып уезд бастығы мен полиция қызметкері кенеліп қалыпты. Осы қаракеттің нысанасы біреу — ол Аманкелдіні қолға түсіріп, тұтқындау.

Бұл жайында Төкең де, оның үлкен баласы Смағұл да естіген көрінеді. Бірақ елім деп аңсап келген Аманкелдіге бірден айтуды ыңғайсыз көріпті. «Куанышты көңілін баспалық, қоныраулы жан екенсің» дегендей болармыз,— деп бой бағыпты, жата-жастана айтуды өзімен бірге ойнап-куліп жүрген құрбысы Хакімбекке тапсырыпты.

«Құныкерімізді тауып бер, жасырып отырсындар»,— деп «құншылар» Иман тұқымына әлек салыпты, сойылшоқпар ойнатыпты. Баймағамбет бидің дүмпуінен үрейленген begimbet ададығының кепіліне Зылиқаны колдан ұстап беріпті. «Барсам да адам болмаймын»,— деп Зылиқаның екі көзі қанды жасқа тола зарлап кетіпті.

Ендігі сөзді Аманкелдінің естігісі келмеді. Қызықты өмірі бірден сөнгендей, «Шынымен-ақ Зылиқадан айрылғаным ба?— деп, ішкі өксігін баса алмай, ауыр қиналған Аманкелді үн-тұн жок, төмен қарап отырып қалып еді.

## ТҰТҚЫНДАУ АЗАБЫ

Аманкелді терең ойға кетті. Оның ендігі ойы, арманы біреу — ол қаладан жолдас табу. Ауылдағы дос жар ауылдан аспады. Ендігі ақылшыны да, жәрдемшіні де қаладан іздемек.

— Эй, әттеген-ай! «Ауылда босқа күн өткізгенше, қалаға келсем еді, тым болмаса заң білетін біреумен таныс болсам еді,— деп өкінеді.

— Аманкелді,— деді Хакімбек,— сен неге терең ой шомып жүрсің? Құр қиялдан не пайда? Мен саған ақыны болатын, жәрдем көрсететін жолдас табамын,— дегендегі Аманкелді селт еткендей Хакімбекке қарады.

— Иә, ол кім, қандай жан?

— Ол орыс,— деді Хакімбек.— Аты Николай, өзі атаушы болып істейді.

— Эй, Хакімбек! Сен қызық екенсің-ау. Мен ол Николайға немді беремін, қандай сыйлық көрсете аламын?

— Жоқ, менің білуімше, ол еш нәрсе сұрамайды, сыйлық та дәмете қоймас. Тегінде ол кедейді жақтайтын адам. Біздің ағаймен тамыр. Былтыр қаладан жоғалған екі атты бізге жақын Есенжолдан көріп, екі полицей ауылға келіп бұлік салған еді. Соңда осы Николай еш нәрсе алмай-ақ Есенжолды актап жіберген болатын деді Хакімбек.

Бұл сөзге Аманкелді сенерін де, сенбесін де білмегендегі «Жақсы сөз жарым ырыс» дегендегі, Аманкелдінің өнімінің жүгіре бастады, еңсесін көтертпей иығынан басқа ауыр ойдан ол бірден серпілгендей.

Аманкелді енді Николайды көруге, оған жолығуынтық, көрмей жатып-ақ оның адамгершілігіне сенгедей, бірақ қалай жолықпақ, ендігі ойы сол. Мұны Хакімбек те ойланған.

Алайда Николайды жолығып танысуды, онымен ақындарасатын істі жігіт ағасы Смағұлдың ойланғаны жөн, илаға үйір, тамыр-танысы көп болатын. Оның үстінде ойдағы, қырдағы қыпшакқа қалыс ағайын. Оған «Күннекерімді паналаттың»,— деп, қыпшак үстемдік ете алмайды. Сонымен қалаға баруды ойланса да, Николайды жолығуды Смағұлдың шешіміне қалдырып Аманкелдінің мен Хакімбек ауылға оралған еді.

Шаңқай тұс кезі. Кең да старқан жайылып, үйдің ішін түгел шайға отырған-ды. Шайдың сонында Хакімбек созғады. Төке қарттан бастап, да старқан басындағылаңың бәрі ақыл қосып жатыр. Біраздан соң Смағұл інілең не қарап:

— Хакімбек, сен Аманкелдіні ертіп қалаға бар. Омарға менен сәлем айтып, жағдайды түсіндіріңдер. Сосын сендерді Николайға апарып жолықтырады...

Хакімбек пен Аманкелді қалаға демалыска қаркелді. Омарға жолықты, оған Хакімбек ағасының сәмін айтты. Омарды қазактар «Закон Омар»,— дейтін. Ол-тілмаш, қызметі Николаймен бірге. Хакімбек екі ағалы-інідей сөйлесті. Омар мән-жайды түсінген соң сөйледі:

арды Николайдікіне ертіп келді. Николай ат жақты, ашаңдау келген сымбатты кісі екен. Бұларды орнынан тұрып жылы шыраймен қарсы алды. Төргі бөлмеге кіргізіп, әрқайсысына орындық берді.

Жайғасып отырысымен-ақ Омар орысшалап, ертіп келген екеуін Николайға таныстыра бастады. Әңгімелерінен Аманкелді «Брат, знаю»,— деген сөздерді ғана түсінді. Николайға жағдайын өзі айтқысы келіп отыр, бірақ ол қазақша тусінбес деп ойлаған еді.

Аздан кейін Николай қонақтарын шайға шақырды. Зайыбы толық денелі, әсем, ақсары әйел шай құйып отыр. Шай үстінде Аманкелдінің бірдеме айтуға оқталғанын байқаған Омар:

— Николай қазақша біледі, айта бер,— деді.

Сонда Хакімбек сөзге араласып:

— Аманкелдінің сізге айтатын арызы бар. Бізді өзінізге жолығуға Смағұл ағай жіберді,— деп Николайға қарады.

— Иә, айтыңыз, қысылмай айтыңыз,— деп Николай ишарат білдірді.

— Айтсам,— деп бастады Аманкелді сөзін.— Мен алты жасымда әкем өліп кемтарлықты, жоқшылықты көп көрдім. Қол бала болдым, байға жалданым, енбегім жанбай қорлық көрдім. Кейін байлардың кедейлерге жасаған қиянатына қасы тұрғаным үшін «барымташыл», «ұры» атаным, енді «кісі өлтірді» деген жалаға душар болып отырмын.

Аманкелді болыс-байдың зорлық-зомбылығын, ел ішінде жиі болып тұратын барымта, жер таласы, жесір дауын түгел айтты, қалдырған жоқ. Сүйгені Зылиқаға қосыла алмағанын дәл айтпаса да сөз арасында ауылда жас қыздардың сүйгеніне қосыла алмай, ақсүйек байлардың тоқалына айналатынын да білдірді.

«Сөзінде жігер, бойында уыт, көзінде от бар, дене тұлғасы кеп-кесек, шымыр екен» деген оймен Николай өктын-өктын Аманкелдіге көзінің астымен қарап қояды.

Николайдың ақ патшаға қызмет ететін чиновниктерді жоғары мәртебелі деп бөлгенін Аманкелді еркін түсіне алмай отыр. Бірақ қайталап сұрамады, ибалық сақтады.

Болыс, байдың іс-әрекеті Николайға белгілі тәрізді. «Олар қаншалық әрекет жасағанымен түбі заңға тіреледі ғой»— деп Николай біраз ойланып қалған. Бір кезде ол:

— Түсінікті, сотқа түсірілсін, сосын көреміз, қорықпа!— деді.

Омар жүргө ишарат білдіріп орнынан көтерілді. Ушеуі де рақымет айтып сыртқа беттеді. Николай да бігем шықты. Коштасуға өз кезегі келгенде Аманкелді Николайдың қолын ұстап:

— Мен сізге келіп жүремін, сізбен тамыр боламын, деді.

— Құп болады, келіңіз, келіп жүріңіз,— деді Николай.

\* \* \*

Аманкелдінің ізіне түскен жауы тіміскілеп жүріп «Смағулдың үйіне келіп жатыр»,— дегенді естіпті де, Текең босағасына баса-көктеп бара алмай, сырттай тоқауылдаپ жүрген екен. Олар — Құсбектің інісі Итбамен Таутан байдың інісі Майталман, Баймағамбет бұлардың қасында үш полицей бар. «Андыған жау амай қоймас» деген, алдын орап жүрген сұмдарға Аманкелді мен Хакімбек Құлжан сайында кездесті. Күтпеге жерден саңқ еткен қатты дауысқа жалт қараса қолданы мылтық ұстаған сайдауыттай алты адам қорша алған. Аманкелді мылтығын Баймағамбет биге кезең тұра қалды. Үрейленген ол Хакімбекті көріп:

— Хакімбек, шырағым. Сенбісің, мынаны тоқтат! деді жалынғандай.

— Тоқтат, анауынды да!— деді Хакімбек мылтығын кезеңіп тұрған полицейді көрсетіп.

Баймағамбет полицейдің қолындағы мылтығын қата. Хакімбек те Аманкелдіге тоқтау салды. Арты қиын болар деп жібермеді.

— Амалым жоқ. Сен болмағанда жастығымды ал кететін едім. Енді не шара... Атама, Смағул ағаға сәлем айт!— деп Аманкелді өз еркімен қолға түсті.

Жерден жеті қоян тапқандай үш полицей Аманкелдіні қоршап алғып қалаға тартып барады. Баймағамбет би өзгеріп сала берді. Хакімбек же келе жатыр. Досы қолдан бергеніне қынжылады.

Қалаға жетісімен Аманкелді Торғай тұрмесіне қамады. Сөйтіп, таңертең еркін жүрген Аманкелді кешін, Торғай тұрмесінде отырды. Тасыған көңіл су сепкенде басылған.

Тұрмеде зарығып жатқандар арасында орыс, қазааралас еді. 1887—1892 жылдары Қазан университетінде оқып, соңғы жылдары Торғай уезіне жіберілген